

Адамның қорғаныш тапшылығының қоздырғышы және жұқтырылған қорғаныш тапшылығының белгісін (АҚТҚ/ЖҚТБ) алдын алу жөніндегі аудандық үйлестіру Кеңесі туралы

Күшін жойған

Алматы облысы Көксу аудандық әкімиятының 2002 жылғы 9 желтоқсандағы N 10-32 қаулысы. Алматы облыстық Әділет басқармасында 2003 жылы 15 қаңтарда N 981 тіркелді. Күші жойылды - Алматы облысы Көксу аудандық әкімиятының 2006 жылғы 16 маусымдағы N 145 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Алматы облысы Көксу аудандық әкімиятының 2006.06.16 N 145 Қаулысымен

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 31 бабы 1 тармағы 17 тармақшасына сәйкес адамның қорғаныш тапшылығының қоздырғышы және жұқтырылған қорғаныш тапшылығының белгісін (АҚТҚ/ЖҚТБ) індетін тоқтату жөніндегі аудандық іс-шараларды орындауға қатыстырылған мекемелердің жұмысын үйлестіруді қамтамасыз ету мақсатында Көксу ауданының әкімияты **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Адамның қорғаныш тапшылығының қоздырғышы және жұқтырылған қорғаныш тапшылығының белгісін (одан әрі - АҚТҚ/ЖҚТБ) алдын алу жөніндегі аудандық Үйлестіру Кеңесі N 1 қосымшаға сәйкес құрылсын және оның дербес құрамы аудандық мәслихаттың кезекті сессиясына бекітілуге ұсынылсын.

2. Осы аудандық Үйлестіру Кеңесі жөніндегі Ережесі N 2 қосымшаға сәйкес б е к і т і л с і н .

3. Кенттік, ауылдық округтерінің әкімдері АҚТҚ/ ЖҚТБ алдын алу жөніндегі техникалық топтарын құратын болсын.

4. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау аудан әкімінің орынбасары С. Бәзіловке жүктелсін.

А у д а н ә к і м і н і ң

міндетін атқарушы

А у д а н

ә к і м и я т ы н ы ң

2 0 0 2

ж . 9

ж е л т о қ с а н

N

1 0 - 3 2

қ а у л ы с ы н ы ң

N 1 қосымша <*>

Ескерту. 1 қосымшаға өзгерту енгізілді - Алматы облысы Көксу аудандық әкімиятының 2003 жылғы 03 шілдедегі N 8-33 Шешімімен.

АҚТҚ/ЖҚТБ алдын алу жөніндегі аудандық Үйлестіру Кеңесінің дербес құрамы
(одан әрі - Кеңес)

Қайнарбеков Т.Қ. - аудан әкімінің орынбасары, Кеңестің төрағасы;
Балбаева М. Е. - аудандық еңбек, жұмыспен қамту және халықты әлеуметтік қорғау бөлімінің бастығы.

Кеңестің құрамы:

Ешкенов Е.О. - ауданның бас санитар дәрігері;
Исабеков Е.К. - аудандық ішкі істер бөлімінің бастығы, полиция майоры (келісім бойынша);

Мұқанов Б.М. - аудандық қаржы бөлімінің бастығы;
Сексенбаева К.О. - ішкі саясат және әлеуметтік сала бөлімінің бастығы;
Хасанаев М.Ж. - аудандық білім бөлімінің бастығы;
Бабашева Қ.Қ. - аудандық еңбек, жұмыспен қамту және халықты әлеуметтік қорғау бөлімінің бастығы;

Тәнеке С.Б. - "Көксу таңы" газетінің редакторы (келісім бойынша);

А у д а н ә к і м і

аппаратының басшысы

А у д а н ә к і м і н і н
2 0 0 3 ж . 9 ж е л т о қ с а н
N 1 0 - 3 2 қ а у л ы с ы н а
N 2 қосымша

АҚТҚ / ЖҚТБ алдын алу жөніндегі аудандық Үйлестіру Кеңесінің дербес құрамы
ЕРЕЖЕСІ

1. Жалпы бөлім

М а қ с а т ы :

1) ЖҚТБ қарсы күрес жөніндегі нормативтік құқықтық актілерді орындау үшін қатыстырылған бөлімдер мен мекемелер өзара тиімді іс-әрекеттерін ұйымдастыру .

2) Кеңес өз қызметінде Қазақстан Республикасының АҚТҚ / ЖҚТБ жөніндегі Заңдарын, үкімет қаулыларын, облыс әкімінің шешімдерін және басқа да нормативтік құқықтық актілерді, сондай-ақ осы Ережені басшылыққа алады.

- 3) ЖҚТБ алдын алу мен оған қарсы күрес жұмыстарын әзірлеу және өткізу.
- 4) АҚТҚ / ЖҚТБ алдын алу және эпидемияға қарсы шараларды нәтижелі және жоғары сапада жүргізіп, АҚТҚ / ЖҚТБ індетін тұрақтандыру.
- 5) Қатыстырылған бөлімдер мен мекемелер, үкіметтік емес және қоғамдық ұйымдардың АҚТҚ / ЖҚТБ алдын алуға бағытталған жұмыстарын үйлестіру.
- 6) Халық арасында, оның ішінде нашақорларға, коммерциялық негізде жыныстық қатынасқа түсушілерге, жастарға арналған мақсатты түрде оқу-ағарту бағдарламасын енгізу және оның орындалуын ұйымдастыру.
- 7) АҚТҚ / ЖҚТБ індетіне қарсы іс-әрекеттер жөніндегі 2002-2005 жылдарға арналған аудандық іс-шараларды іске асыру.
- 8) Емдік-диагностикалық және алдын алу шараларына қажетті қаржы көздерін іздестіру және оның бөлінуіне ықпал ету.

2. Кеңес қызметі

- 9) АҚТҚ / ЖҚТБ індетін тоқтату жөніндегі аудандық іс-шараларды орындауға қатыстырылған мекемелердің жұмысын үйлестіруді қамтамасыз етеді, оны іске асыру жолдарын және қаржы көздерін анықтайды, қоғамдық үкіметтік емес және халықаралық ұйымдармен бірлесе жұмыс істей отырып, АҚТҚ / ЖҚТБ алдын алу және қоғамдық күреске бағытталған мәселелері жөніндегі өзара іскер байланысты жүзеге асырады.
- 10) Аудан көлемінде ЖҚТБ індетіне қарсы іс-әрекет жөніндегі іс-шараларының орындалуын бақылап, орындаушылардың жұмысын тыңдап, керекті жағдайда аудан әкімдігінің мәжілісінде мәселе көтереді.
- 11) АҚТҚ / ЖҚТБ төтенше індет орын алған жағдайда, шаралар төтенше індетке қарсы комиссияның жұмысына сәйкес жүргізіледі.

3. Басшылық және құрылым

- 12) Кеңесті аудан әкімінің орынбасары басқарады.
- 13) Ұйымдастыру-әдістемелік, кеңес және іс жүзінде көмек көрсету жұмыстарын Республикалық ЖҚТБ алдын алу және онымен күрес орталығы жүзеге асырады.
- 14) Кеңестің отырысы тоқсан сайын, ал індет жағдайының асқынуы кезінде жоспардан тыс, шұғыл түрде өткізіледі.

4. Кеңестің құқықтары

- 15) Мекемелерден, ұйымдардан ЖҚТБ індетіне қарсы іс-әрекеттер жөніндегі аудандық іс-шараларын орындалу барысы туралы ақпараттар жинау.

16) Іс-шараларының орындалу барысы аудан әкімдігінің мәжілісіне қаралуына ұсыну.

17) Хаттама - қаулыларды дайындап, толықтай немесе қысқартылған түрде орындаушыларға жеткізу.

А у д а н ә к і м і н і ң

орынбасары

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК